

2. [http://ef.enu.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=899%3A2015-06-10-03-38-13&catid=3%3A2011-07-04-16-43-09&lang=ru](http://ef.enu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=899%3A2015-06-10-03-38-13&catid=3%3A2011-07-04-16-43-09&lang=ru)
3. [http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/bissness/bus\\_nat\\_eco/ecologiya/article/green\\_ekonomika](http://egov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/egovcontent/bissness/bus_nat_eco/ecologiya/article/green_ekonomika)

**Жұмашева А. Б., э.ғ.м., оқытушы (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ),  
Саринова М.К., Серік Г.А., 2-курс студенттері  
(академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕНГЕЙІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ**

Жұмыссыздық–елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұранымның құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін экономикадағы нарықтық қатынастарының қалыптасуы еңбек нарығы құрылымының өзгеруімен бірге жүрді. Жұмыс күшінің әрекет етуінің жаңа шарттары анықталды, жұмыс күшіне сұраныстың сандық және сапалық сипаты өзгерді. Еңбек нарығын реформалау мемлекетпен басқарылатын жұмысбастылық және жалақы төлеу жүйесін, осы факторлардағы сұраныс пен ұсыныстардың нарықтық күштерін анықтайтын алмастыруды көздейді.

Жұмыссыздықтың түрлері:

- Уақытша жұмыссыздық. Бұл жұмыссыздық уақытша болса да, ол адамдардың жұмыс орнын ауыстыра бергісі келгеннен туады. Алайда бір жұмыс орнынан екіншісіне көшу белгілі бір уақытты керек етеді, әсіресе жаңа жұмыс орны елдің басқа бір аймағында болса. Осы аралықта адамдар жұмыс істемейтін уақыт уақытша (фрикциялық) жұмыссыздыққа жатады.

- Құрылымдық жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрінің пайда болуына техникалық прогресс себепші, өйткені бұл процестің нәтижесінде кейбір мамандықтар өшіп, олардың орнына жаңа мамандықтар дүниеге келеді. Әсіресе біздің елімізде соңғы он жылда құрылымдық жұмыссыздық айқын қылаң берді. Әміршіл экономиканың нарықтық экономикаға көшу барысы бір мамандыққа сұранымның азайып, екінші мамандыққа өсуімен қатар жүрді. Мұндай жағдайда жұмыссыз қалған адамдардың жаңа жағдайға бейімделе білуі, еңбек нарығында сол сәтте сұранымға ие жаңа мамандық алуға құлшыныс таныта білуі маңызды.

- Маусымдық жұмыссыздық. Маусымдық жұмыссыздық қызметі белгілі бір маусым кезінде жүретін жекелеген салаларға тән. Бұл әсіресе қысы мен жазы климат жағдайы бойынша күрт өзгеше болып келетін елдерге қатысты.

- Циклдік жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі елдегі экономикалық құлдырау кезінде бой көрсетеді. Құлдырауға барлық дерлік тауар және қызмет көрсетулерге сатып алушылар сұранысының төмендеуі, өндірістің қысқаруы, демек жұмыс орындарының қысқарып, жұмыссыздар санының көбеюі тән болып келеді.

Жұмыспен қамту 2020-Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған мемлекеттік бағдарлама. Бағдарламаның мақсаты - жұмыспен

тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табысын арттыру болып табылады.

Бағдарламаның сәтті орындалуын, біз 1 -кесте көре аламыз. 2011 жылдан бастап көптеген өзгерістер орын алып, 5,4%-дан 4,9%-ға дейін төмендеуін байқауға болады.

Жұмыссыздықтың салдары қандай болады және ол қоғамға несімен қауіпті:

- Адам еңбегі дегеніміз капитал сияқты жинап қоюға, қордалауға келмейтін айрықша ресурс. Жоғалған жұмыс уақытын орынына келтіру мүмкін емес, сондықтан жұмыссыздық салдарынан шығарылмаған және көрсетілмеген тауар мен қызметтің орыны өтелмейді.

- Егер адам жұмысынан айырылса, сөйтіп жалақысыз қалса ол қалайда күнкөріс көзін іздейді. Бұл жағдайда мемлекет жұмыссызға жағдай жасауды өз моынына алады. Алайда жұмыссыздығы үшін берілетін жәрдемақы тауар шығарғаны, қызмет көрсеткені үшін берілген сыйақы бола алмайды, себебі жұмыссыз адам ешнәрсе шығармайды, демек елдің әл-ауқаты да жоғарыламайды.



1 -кесте. Қазақстан Республикасының жұмыссыздықтың деңгейі, %

- Жұмыссыздар санының көбеюі тауар мен қызметке сұранымды азайтады. Халықтың табысының азаюы сұраныстың азаюының бір себебі екендігін ілгеріде көрдік. Тауаға сұраныстың азаюы өз кезегінде өндірістің кемуіне және жұмыссыздықтың одан әрі өршуіне жол ашады, себебі өндірістің кемуі жұмыс орындарының қысқарып, жалақының кемуіне әкелетін жолдың басы. Сөйтіп қоғам өзі құрған тұзаққа өзі түседі.

- Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден ашынған халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір ереуілге, шеруге, төңкеріске қатысуға даяр тұрады.

- Жұмыссыздық қылмыс, әсіресе жастар арасында қылмыс тамырланатын ұя, себебі күнкөріс көзін таба алмаған кісі оның басқа жолдарын, көбінесе қылмыспен пайда табу жолдарын іздестіруге көшеді.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының Қазақстан Республикасында орындалуын 2-кесте бойынша 2016 жылы 2015 жылға қарағанда шамамен 40% - ға өскенін байқауға болады. Бұл көрсеткіштерді зерттей келе, болашақта Республикамызда жұмыссыздық деңгейі біршама түседі деп болжауға болады.

2-кесте. Қазақстан Республикасының Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша көрсеткіштер

Аудан	2014 ж	2015 ж	2016 ж
Өтініш бергендер	195 552	136 009	189 296
Қатысушылар саны	194 417	136 009	188 814
Жұмысқа орналастырылғандардың жалпы саны	167 217	135 746	183 665
Шағын несие алғандар	9 607	4 385	9 911
Кәсіби оқудан өткендер	22 151	13 323	8 834
Оқудан кейін жұмысқа орналастырылғандар	17 152	10 422	7 150
Қоныс аударғандар	3 456	1 020	812
оның ішінде жұмысқа қабілетті адамдар	1 586	506	515

Жұмыссыздықпен күресу жолдары:

- тапсырма биржаларында және жұмыспен қамту қызметтерінің
- басқа да түрлері құру
- жаңа жұмыс орындарын құру
- оқыту мен жұмыссыздарды оқыту үшін мүмкіндіктер жасау
- қылмысқа қарсы күрес
- мінез-құлық тұрақтандыру саясаты
- мемлекет үшін қосымша жұмыс орындарын құру
- Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының тиісті түрде орындалуы.

Әдебиеттер

1. Жатқанбаев Е.Б. «Экономикалық теория бойынша практикалық оқу құралы»;
2. Мұхамедиев Б.Т., Дуламбаева Р.Т., Рахматуллаева Д.Ж. Макроэкономика дәрістерінің жинағы;
3. Жұмамбаев С.К. «Еңбек рыногы экономикасы» Оқу құралы.- Алматы;
4. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық.- Алматы;
5. Қазақстан Республикасының Статистикалық агенттігінің жедел ақпараты №10-01/58;
6. Қазақстан Республикасының Статистикалық агенттігінің жедел ақпараты №10;
7. Шишкин Б. Экономическая теория. М.:2010.
8. <http://www.stat.gov.kz>